

Қазақстан Республикасында
стационарлық жағдайларда
медициналық көмек көрсету
стандартына
5-қосымша

Нысан

"Пациенттерге емдеуге жатқызу үшін жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Кызмет берушінің атауы	Денсаулық сақтау субъектілері
2	Өтініштерді қабылдайтын және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беретін ұйымдардың атаулары және (немесе) "электрондық үкімет пен ұялы байланыс" абоненттік құрылғысы" веб -порталына нұсқау	денсаулық сақтау субъектілері, "электрондық үкімет" веб-порталы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні ішінде; тапсыру уақыты - 30 минут.
4	мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және/немесе қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	1) 001-3/е нысаны бойынша берілген стационарга емдеуге жатқызуға жолдама немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы; 2) "электрондық үкімет" порталы арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетіletіn қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне көрсетіletіn қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетіletіn қызметті берушінің жұмыс кестесінен бастап заңнамасына сәйкес - дүйсенбіден сенбіге дейін (дүйсенбі - жұма сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін үзіліссіз, сенбі сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін). 2) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, енбек заңнамасына сәйкес тәулік бойы (көрсетіletіn қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде).
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	көрсетіletіn қызметті берушіге: 1) жеке куәлік немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 2) медициналық-санитариялық алғашкы көмек немесе медициналық ұйым мамандарының жолдамасы; 3) бағытталған диагноз бойынша клиникалық-диагностикалық зерттеулердің нәтижелері

		(диагноз қою және емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес). "электрондық үкімет" порталы арқылы: 1) медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманының немесе медициналық ұйымның жолдамасының электрондық көшірмесі; 2) жіберілетін диагнозға сәйкес клиникалық-диагностикалық зерттеулер нәтижелерінің электрондық көшірмесі (диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес).
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардагы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтауы 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының порталда тіркелген ұлалы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал хабарламасына жауап ретінде бір реттік пароль беру немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін пандус, шақыру түймесі, зағиптар мен нашар көретіндерге арналған тактильді жол, күту залы, құжаттар үлгілері бар тағандар болуы тиіс. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінде, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығында мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.